| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу 3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табады, түрлерін анықтай алады.<br>**Көптеген оқушылар:** сұрақтарға жауап беріп, сөз таптары түрлерінің айырмашылықтарын ажырата алады.<br>**Кейбір оқушылар:** сөз таптарына мысалдар келтіре алады. |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру<br><br><br><br><br>8 мин | **Ынтымақтастық атмосферасын** қалыптастыру **«Ізгі тілек»** әдісімен оқушылар шеңберде тұрып бір-біріне жақсы тілектерді айтып өтеді. «Денсаулық, Бақыт,Бақ,Дәулет,Қуаныш,Сәттілік,Шаттық, Махаббат,Байлық,Сыйластық... тілеймін»<br>**Топқа бөліну «Таңдау» әдісі** арқылы смайликтерді таңдап өтеді де сөз таптарына қатысты төрт топтың бір-бір мүшесі<br>**Зат есім**<br>**Сын есім**<br>**Сан есім**<br>**Етістік**<br>анықтамаларын айтып өтеді.<br>**«Қарандаштар»** әдісі арқылы оқушылар бір сөзді таңдап сол сөзге сұрақ қою арқылы өз топтарына бөлінеді.<br>**Жұптықжұмыс: «Сәйкестендір» әдісі** арқылы оқушылар екіден өткен тақырыпты бекіту,еске түсіру мақсатында карточкадағы берілген сөздерді сөз құрамына кестеге сай талдап өтеді.<br><br>**Оқу материалын жариялау** «**Күн шұғыласы» әдісімен жүреді**.Әр топтың мүшелері сұрақтарға жауап беру арқылы Күн шуағын жасап шығады.<br>-Сөз таптары дегенде не естеріңе түседі? Күн шуағына жазыңдар.<br>-Қандай сөз таптарын білесіңдер?<br>-Дара, күрделі зат есім?<br>-Дара, күрделі сын есім?<br>-Дара, күрделі сан есім?<br>-Дара, күрделі етістік?<br>-Негізгі, туынды сын есім?<br>-Негізгі, туынды сан есім?<br>-Негізгі, туынды зат есім?<br>-Негізгі, туындетістік?<br>- Олай болса, бүгінгі сабағымызда не істейміз деп ойлайсыңдар?<br>Сабақ мақсаты жария етіледі. | Жаттығу жасайды.<br><br>Топқа бірігеді. Тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді.<br><br>Топ мүшесі ереже айтады<br><br>Оқушылар топқа бөлінеді<br><br>Жұптық жұмыс жүргізіледі<br><br><br><br>Әр топ сұрақтарға жауап беріп,күн шуағын жасайды | Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.<br><br>От шашу әдісімен топтар бір- бірін бағалап өтеді. | |
| Жаңа білім<br>15 мин | **(Ұ, Т) 1- тапсырма** «**Еркін әңгіме**» әдісімен орындалады. Дәптермен жұмыс болады.<br>**А) 40-жаттығу.**<br>Мәтінді тыңдаңдар.<br>Дархан қайда барды?<br>-Ауылда Дархан немен айналысты? Ол қандай бала?<br>• Оған ағасы не атады? Неліктен? | Тапсырманы орындайды. | **Дескриптор:**<br>- Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді-2балл.<br>Мәтіннің алғашқы екі сөйлемін жазып, сөз таптарына талдайды-2балл. | Оқулық, дәптер |

<table>
<tr>
<td>2 мин<br><br>Бекіту<br>15 мин</td>
<td>• Ал сен ауылға бардың ба? Ауылға барғанда не істейсің?<br>• Саған қайда демалған ұнайды?<br>• Мәтіннің алғашқы екі сөйлемін жазып, сөз таптарына талда.<br>41-жаттығу.<br>Көп нүктенің орнына негізгі зат есімді қойып жазыңдар.<br>кезек – кезекші<br>іс – іскер<br>сый – сыйлық<br>сөз – сөздік<br>көл – көлшік<br>дос – достық<br>Негізгі зат есім дегеніміз не?<br>Туынды зат есім дегеніміз не? Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы неде?<br>Саралаудың «Тапсырма» тәсілі жүзеге асады.<br>Кейбір оқушыға:<br>- Зат есімнің түрлеріне мысалдар келтір.<br><br>Сергіту сәтінде «Жұмбақ» ойынын ойнайды.<br>Бір оқушы шығып, әріпті жұмбақ жасырады. Қалған оқушылар шешуін атайды.<br><br>(Т, Д) 2-тапсырмада дәптермен жұмыс жүзеге асырылады.<br>42-жаттығу.<br>Кестені тиісті сөздермен толтырыңдар.
<table>
<tr><td>Түбір сөз</td><td>жұрнақ</td><td>Туынды сөз</td></tr>
<tr><td>Жұмыс<br>оқу</td><td>-шы<br>-лық<br>-тық<br>-кер<br>-ла<br>-да</td><td>Жұмысшы<br>оқулық</td></tr>
</table>
Сабақты бекіту мақсатында «Венн диаграммасы» әдісімен әр топ өз топтарының аттарына сай сөз таптырының (зат есімнің) негізгі және туынды түрлерінің ұқсастығы мен айырмашылығы және ортақ қасиеттері туралы жазып шығады<br>43-жаттығу.<br>Сағат тілі бойынша екі әріптен қалдыра отырып оқысаң,<br>мақал шығады. Қай әріптен бастап оқу керек?<br></td>
<td>Дәптермен<br>Тақтамен<br>Оқулықпен<br>жұмыс<br>жүргізілді.<br><br><br><br>Жұмбақ шешеді.<br><br>Тапсырманы орындайды.<br><br>Бағдаршам әдісі арқылы бағалайды<br></td>
<td>- Көп нүктенің орнына негізгі зат есімді қойып жазады-1 балл.<br>- Негізгі, туынды  зат есімдерді ажыратады-1балл.<br><br>Дескриптор:<br>-Негізгі зат есім, сын есім, сан есім, етістікті жазады.<br>-Туынды зат есім, сын есім, сан есім, етістікті жазады<br>-Екеуінің ұқсастығы мен айырмашылығын ,ортақ қасиеттерін жазады.<br>Дескриптор:<br>- Кестені тиісті сөздермен толтырады-2балл.<br>- Мақалды оқиды, түсіндіреді -2балл.</td>
<td>оқулық,<br>дәптер<br></td>
</tr>
<tr>
<td>Кері байланыс<br>5 мин</td>
<td>Кері байланысты «Білім қоржыны» әдісі арқылы береді. Мұғалім оқушылар жауабын</td>
<td>Кері байланыс жасайды.</td>
<td>ҚБ қойылады.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | талдап, өз қалыптастырушы бағасын қояды.<br>**Оқу тапсырмасы:** Негізгі, туынды зат есімдерге мысалдар келтіру. | <br>Оқу тапсырмасын жазып алады. | | |












Сын есім


Сын есім
Сын есім
Етістік